

Асанов деген азамат демалыс күндердің бірінде отбасымен кешкі серуенде жүргенде, бейтаныс жігіт жаңа велосипедті сатып алуын өтінді. Бейтаныс жігіттің айтуы бойынша, ол отбасы жағдайына байланысты ақшаға мұқтаж екенін және оның меншігіндегі велосипедті мәжбүрлі түрде арзан бағаға сатып жатқанын тілге тиек етеді. Асановтың жұбайы және, әсіресе баласы өтініп қоймағандықтан, велосипедті Асанов 15.000 тг. сатып алады. Асанов келесі күні дүкендердің бірінде дәл сол велосипедтің бағасы 40.000 тг. екенін көреді. Сатып алған велосипедті отбасы мүшелері теуіп, айдап жүреді. Бір апта өткен соң, сатып алған велосипедте ақаулықтар болып, оны 5 000 теңгеге жөндетеді. Асанов тұратын көп қабатты үйдің бір тұрғыны, яғни көршісі Маратов, Асановтардың сатып алған велосипедтің меншік иесі екенін айтады. Және осы мүліктің жоғалғанына 1 ай уақыт шамамен болғанын айтып мүлікті талап етеді. Тараптар өзара келісе алмай, сотқа жүгінеді.

1. Кейс бойынша, велосипедте ақаулықтар болған, бұл жағдайда Асанов оны жөндетуге кеткен 5 000 теңгесін меншік иесінен
 - A) Асановтың қажетті шығындарына меншік иесі мен бейтаныс жігіт ортақ жауап береді
 - B) Асанов тек бейтаныс жігіттен талап етуге құқылы
 - C) талап етуге құқылы емес
 - D) Асановтың мүлікке жұмсаған шығындарын ешқандай тарап өтемейді
 - E) талап етуге құқылы емес, себебі меншік иесі бұл туралы Асановқа өтініш жасамаған
 - F) талап етуге құқылы
2. Велосипедтің меншік иесі Асановтан велосипедті алуға
 - A) құқығы бар, меншік иесі бұл мүлікті бейтаныс жігіттен талап етіп алуға құқығы бар
 - B) құқығы жоқ, меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап ете алмайды
 - C) құқығы жоқ, себебі жаңа меншік иесі Асанов
 - D) құқығы бар, меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алуға құқығы бар
 - E) құқығы жоқ, себебі Асанов талап қоюшыға емес, бейтаныс жігітке қайтаруға құқығы бар
 - F) құқығы бар, егер меншік иесі бұл мүлікті алушыға толық ақшасын төлесе
3. Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі аталады
 - A) негаторлық талап
 - B) виндикациялық талап
 - C) суброгация
 - D) кондикциялық талап
 - E) эмансипация
 - F) шикана

4. Осы кейс бойынша адал иеленуші мен арам ниетті иеленуші тұлғаны анықтаңыз

A) адал иеленуші де, арам ниетті иеленуші де – бейтаныс жігіт

B) адал иеленуші – Асанов; арам ниетті иеленуші – бейтаныс жігіт

C) адал иеленуші – Асановтың отбасы; арам ниетті иеленуші – Асанов

D) адал иеленуші – бейтаныс жігіт; арам ниетті иеленуші – Асанов

E) адал иеленуші – Асанов; арам ниетті иеленуші – Асановтың отбасы

F) адал иеленуші де, арам ниетті иеленуші де – Асанов

С.А. Талғатова сотқа И.А. Смаиловадан 2022 жылғы 27 наурыздағы қолхат бойынша қарыз сомасын өндіріп алу туралы талап арызбен жүгінді, бұл қарыз алушының өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы салдарынан қарыз сомасы бүгінгі күнге дейін өтелмегендігі түрткі болды, дегенмен жауапкер ақшаны 2022 жылғы 27 мамырға дейін қайтаруға міндеттенді. Талап қоюшы С.А. Талғатова сот отырысында талап қою арызындағы талабын толық көлемде қолдайтынын және соттан қарыз сомасын өндіріп алу туралы өтінішін қанағаттандыруды сұрайтынын түсіндірді, өйткені бүгінгі күнге дейін ақша қайтарылмаған және оның қарызды қайтару туралы барлық өтініштеріне И.А. Смаилова тиісті түрде жауап бермеген. Оған бірнеше рет еске салып айтқаны еш нәтиже бермеген, осыған байланысты ол сотқа шағымдануға мәжбүр болды. Соттан талап қою талаптарын толық көлемде қанағаттандыруды және жауапкерден 154 000 теңге мөлшеріндегі қарыз сомасын, сотқа жүгінген кезде төленген 1 540 теңге сомасындағы мемлекеттік бажды, сондай-ақ құжаттарды ресімдегені үшін 10 000 теңге сомасындағы сот шығындарын өндіріп алуды сұрайды. Жауапкер И.А. Смаилова талап қою талаптарын мойындамады және талап қоюшыға 75 000 теңге қайтарғанын түсіндірді. Алайда, бұл процесте ол ешқандай қолхат алған жоқ және оның ақшасының қайтарылғанын жазбаша растау да жоқ. Жалпы 154 000 теңге сомасында қарызға ақша алу туралы қолхатты ол өз қолымен жазған және оған қолы қойылған. Жауапкер сонымен қатар талап қоюшы адал емес және әдепті емес деп санап және соттан талап қоюшының талабын қанағаттандыруды сұрайды.

5. Тараптар арасында ақшаға қатысты келісімшартты, яғни қолхат негізіндегі қарыз келісімшартын жазбаша нысанда жасалды деп тануға болады ма (заем шарты заемшының қолхаты болған жағдайда)?
- A) жазбаша нысанда жасалды деп танылмайды
 - B) заң бойынша оған рұқсат бермейді
 - C) ауызша нысанда жасалды деп танылады
 - D) тиісті жазбаша нысанда жасалды деп танылады
 - E) үшінші тұлғаның ауызша келісімі міндетті
 - F) міндетті түрде нотариалды куәландырылуы тиіс
 - G) үшінші тұлғаның жазбаша келісімі міндетті
6. И.А. Смаилованың С.А. Талғатоваға қарыз алған ақша сомасын келісімшартта көзделген тәртіппен және мерзімінде қайтаруға заң бойынша міндеттілігі
- A) қайтаруға міндетті емес
 - B) қайтаруға құқылы
 - C) қайтаруға міндетті
 - D) қайтаруға ішінара құқылы
 - E) қайтаруға құқылы емес
 - F) қайтаруға ішінара міндетті емес

7. Осы кейс бойынша сот талап қоюшының талабы толық қанағаттандыруға жатады ма
- A) талап қоюшының талабы қанағаттандырылмауы керек, себебі қарыз алушының жарты ақшасын төленген
 - B) талап қоюшының талабы қанағаттандырылмауы керек, тек заем берушінің мемлекеттік бажға қатысты сомасын өндіру керек
 - C) талап қоюшының талабы қанағаттандырылмауы керек, себебі заң бойынша қолхат арқылы заем келісімшарты жарамсыз
 - D) талап қоюшының талабы ішінара қанағаттандырылуы керек, себебі қарыз алушының қалған ақша сомасын өндіру керек
 - E) талап қоюшының талабы қанағаттандырылуы керек, себебі қарыз алушының жазбаша нысанда ақшаны алғаны туралы қолхаты бар
 - F) талап қоюшының талабы қанағаттандырылмауы керек, себебі тараптар арасында заем келісімшарты ауызша нысанда болуы тиіс еді
8. Жауапкер И.А. Смаилова талап қою талаптарын толық мойындай және талап қоюшыға 75 000 теңге қайтарғанын, және оның ақшасының қайтарылғанын жазбаша растау да жоқ болған кезде
- A) ішінара дәлелдей алмайды, сәйкесінше қарыз алушының туыстары куә болған жағдайда
 - B) дәлелдей алады, адалдық қағидасы сақталу керек
 - C) 75 000 тг. бергені туралы жазбаша нысанда дәлелі болуы тиіс еді
 - D) ішінара дәлелдей алады, жарты сомасы заңды деп танылауы керек
 - E) ең бастысы 75 000 тг. ақшасын берді, заңды деп тану керек
 - F) дәлелдей алмайды, себебі оған қатысты ешқандай құжат жоқ

21 жастағы П. 14 жастағы З.-ны көшеде ұстап алып, қалтасынан 2 мың теңгесін алып қойған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы 21 жастағы П.-ға сот алдында кепіл бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарып, прокурорға жолдаған. Бірақ прокурор өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартты.

14 жастағы З-дан жауап алынған, бірақ прокурор жауап алуға не педагогтың, не психологтың қатыспауына орай, тек заңды өкілінің қатысуымен ғана жауап алғанын көрсете отырып, жауап алу хаттамасының дәлелдемелік күшін жойған.

9. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының бұлтартпау шарасына қатысты әрекеттеріне баға беріңіз
- A) дұрыс, себебі өтінішхат қозғау туралы қаулы прокурор бірінші өзінің келісімін беруі тиіс
 - B) дұрыс емес, себебі барлық жағдайда бұлтартпау шарасын тек прокурор таңдайды
 - C) дұрыс, себебі өтінішхат қозғау туралы қаулы тікелей прокурорға, ал қаулының көшірмесі бір мезгілде тергеу судьясына жіберілуі тиіс
 - D) дұрыс, себебі өтінішхат қозғау туралы қаулы тікелей прокурорға жіберілуі тиіс
 - E) дұрыс емес, себебі барлық жағдайда бұлтартпау шарасын тек процесс прокуроры таңдайды
 - F) дұрыс емес, себебі өтінішхат қозғау туралы қаулы тікелей сотқа, ал қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберілуі тиіс
10. Жауап алу хаттамасының дәлелдемелік күшін жою туралы прокурордың шешімінің дұрыстығына баға беріңіз
- A) дұрыс емес, себебі он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін тек психолог шақыртылады
 - B) барлық жағдайда прокурордың шешімі дұрыс
 - C) дұрыс, себебі барлық жағдайда он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін тек заңды өкілі ғана шақыртылады
 - D) дұрыс емес, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог және (немесе) психолог шақыртылады
 - E) дұрыс емес, себебі он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін тек педагог шақыртылады
 - F) дұрыс, себебі барлық жағдайда он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог және (немесе) психолог шақыртылады

11. Әрекетті дұрыс саралауға көмектесетін мән-жайлар
- A) жәбірленушіні ұстап алғаны
 - B) әрекеттің көшеде болғаны
 - C) жәбірленушінің кәмелетке толмағаны
 - D) қылмыскердің алып қойған ақшасының мөлшері
 - E) ақшаны жәбірленушінің қалтасынан кінәлінің өзі алып қойғаны
 - F) жәбірленушінің жас бала болғаны
12. Кінәлінің әрекеттерін саралаңыз
- A) алаяқтық
 - B) қарақшылық
 - C) қорқытып алу
 - D) тонау
 - E) ұсақ-түйек жымқыру
 - F) ұрлық

Ж-ның автобуста бір жолаушының қалтасынан iPhone маркалы телефон ұрлағанын С байқап қалады. Келесі аялдамада Ж. автобустан түскенде С-да оның артынан шығады да, Ж-ға «жаңа алған телефоныңды маған сатшы» деп ұсыныс жасайды. Ж. оған өзінің ұрлаған телефонын 100 мың теңгеге сатқан. Телефонның нарықтағы бағасы 500 мың теңге болған.

С. және Ж.-дан жеке-жеке жауап алынды, олардың берген жауаптары бір-біріне қарама-қайшы келеді, өз кінәларын толық мойындаудан бас тартады, екеуінен де жауап алу барысында бір қорғаушы (Айтымов) қатысқан.

13. С-ның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы

- A) тонау
- B) қылмыстық табыстарды легализациялау
- C) алаяқтық
- D) ұсақ-түйек жымқыру
- E) ұрлық
- F) көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену

14. С. және Ж.-дан жауап алу нәтижесінде жүргізілуге тиісті тергеу әрекеті

- A) жеке тінту
- B) қосымша жауап алу
- C) беттестіру
- D) қайталама жауап алу
- E) тергеу эксперименті
- F) тану

15. Ж-ның әрекеттерін сипаттайтын объективтік жақ белгілері

- A) жәбірленушінің меншік құқығы
- B) алдын ала сөз байласудың болғаны
- C) телефонды жолаушының қалтасынан шығарып алғаны
- D) 500 мың теңге көлеміндегі қоғамға қауіпті зардап
- E) 100 мың теңге көлеміндегі қоғамға қауіпті зардап
- F) 100 мың теңге табысы
- G) С-мен әңгімелескені
- H) телефонды С-ға сатқаны

16. С. және Ж.-ның екеуіне бір қорғаушының қатысуына баға беріп, дұрыс жауаптарды көрсетіңіз

- A) күдіктілердің мүдделері арасында қайшылық анықталған кезден бастап жеке-жеке қорғаушы қамтамасыз етіледі
- B) қорғаушы қарсы болмаса, екеуіне бір қорғаушының қатысуына жол беріледі
- C) С. және Ж.-ның қалауы бойынша қандай жағдай болмасын екеуіне бір қорғаушының қатысуына жол беріледі
- D) күдіктілердің біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, бір адам олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды
- E) қорғаушының қатысуын заң нақты реттемегендіктен, екеуіне бір қорғаушы қатысуы мүмкін
- F) тергеушінің шешімі бойынша қандай жағдай болмасын екеуіне бір қорғаушының қатысуына жол беріледі

Әр мемлекет өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жүйесін басқа мемлекеттердің араласуынсыз жүзеге асыра алады.

17. Мемлекеттің негізгі белгілері

- A) жария-саяси билік мемлекеттік органдар ретінде
- B) Конституция
- C) салық және салық жүйесі
- D) дін, мәдениет
- E) ұлт және ұлт өкілдері
- F) мемлекеттік Ту, Әнұран, Елтаңба
- G) Астаналар, қалалар, ауылдар
- H) егемендік, заңдар

18. Халықаралық құқық нормасына сәйкес, ешкім басқа мемлекеттің ішкі істеріне араласа алмайды. Бұл қағида БҰҰ Жарғысында абсолютті деп танылады. Аталмыш қағида бұзылуы мүмкін:

- A) ішкі істерге араласпау принципі абсолютті болып табылады, ешкім оны бұза алмайды
- B) бейбіт халықты қантөгіске апармас үшін НАТО кіріскен жағдайда
- C) Ресей кез-келген мемлекеттің ішкі ісіне араласқан жағдайда
- D) халықаралық қылмыстық сот мемлекеттердің ішкі істеріне араласуы кезінде
- E) халықаралық әскери трибуналдар мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұққан тұста
- F) халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша
- G) Интерпол мемлекеттердің ішкі істеріне араласқан кезде

19. Барлық халықаралық шарттар арнайы талаптарға сәйкес жасалуы керек. Бұл талаптар 1969 ж. БҰҰ қабылдаған Вена Конвенциясында бекітілген. Бұл талаптар бойынша

- A) әр субъект кез келген уақытта халықаралық шартты бұза алады
- B) бар халықаралық шарттар референдумда халықпен қабылданады
- C) барлық халықаралық шарттар тек АҚШ-та қабылданады
- D) барлық халықаралық шарттар ел Конституцияларының нормаларын бұзбауы тиіс
- E) барлық халықаралық шарттар құру, жүзеге асыру, тоқтату тәртібінен тұрады
- F) барлық халықаралық шарттар тек әскери мәселелерді қарастырады
- G) мемлекеттер халықаралық шартқа мүше болмаса да болады

20. Әр мемлекетке тән құқықтар

- A) өзін-өзі билеу құқығы
- B) мемлекеттен бөліну құқығы
- C) түрлі қылмыстар жасауға құқық
- D) құқық бұзушылықпен күресуге құқық
- E) мәдени, тілдік, діни ерекшеліктерді сақтау
- F) инфраструктуралар құру